

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
« 01 » Ақпан 2016 ж.т. өткізілді
буық № 4670-1/04-01-АС сәйкестігімен
БСН/БИН: 010540003201
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АКТЮБЕ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

**ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ**

**«28» наурыз 2016 жылғы
«Ақтөбе металлқұрастыру
зауыты» Акционерлік қоғамның
жалғыз акционердің шешімімен
«Бекітілді»**

**«Утвержден»
Решением единственного
акционера Акционерного общества
«Актюбинский завод
металлоконструкций»
от «28» марта 2016 года**

**«Ақтөбе металлқұрастыру зауыты»
Акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
Акционерного общества
«Актюбинский завод металлоконструкций»**

**Ақтөбе-2016ж.
Ақтөбе-2016г.**

1. Жалпы ережелер

1.1. «Ақтөбе металлқұрастыру зауыты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді анықтайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде - «Ақтөбе металлқұрастыру зауыты» Акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде - Акционерное общество «Актюбинский завод металлоконструкций»;
- 3) ағылшын тілінде - «Aktobe Metalware Plant» Joint Stock Company.

1.3. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде – «Ақтөбе металлқұрастыру зауыты» АҚ;
- 2) орыс тілінде - АО «Актюбинский завод металлоконструкций»;
- 3) ағылшын тілінде - «Aktobe Metalware Plant» JSC.

1.4. Қоғамның атқару органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индекс 030015, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өнеркәсіп аймағы, 627.

1.5. Қоғамның қызмет мерзімі шектеусіз.

1.6. Ақтөбе металлқұрастыру зауыты» Акционерлік қоғамы «Актюбинский завод металлоконструкций» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Ақтөбе металлқұрастыру зауыты» Акционерлік қоғамға өзгерту жолымен құрылған мекеме.

2. Қоғамның заңдық мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, ол өз атынан кез келген мәміле жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асыра алады, міндеттер атқарады, сотта талапкер, жауапкер және үшінші жақ бола алады.

2.2. Қоғамның мемлекеттік және

1. Общие положения

1.1. Настоящий Устав Акционерного общества «Актюбинский завод металлоконструкций» (далее - Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

1.2. Полное наименование Общества:

- 1) на государственном языке – «Ақтөбе металлқұрастыру зауыты» Акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке – Акционерное общество «Актюбинский завод металлоконструкций»;
- 3) на английском языке – «Aktobe Metalware Plant» Joint Stock Company.

1.3. Сокращенное наименование Общества:

- 1) на государственном языке – «Ақтөбе металлқұрастыру зауыты» АҚ;
- 2) на русском языке – АО «Актюбинский завод металлоконструкций»;
- 3) на английском языке – «Aktobe Metalware Plant» JSC.

1.4. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, индекс 030015, Актюбинская область, г.Ақтөбе, Промзона, 627.

1.5. Срок деятельности Общества неограничен.

1.6. Акционерное общество «Актюбинский завод металлоконструкций» было учреждено путем преобразования Товарищества с ограниченной ответственностью «Актюбинский завод металлоконструкций» в Акционерное общество «Актюбинский завод металлоконструкций».

2. Юридический статус общества

2.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, может от своего имени совершать любые сделки, приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом, ответчиком и третьим лицом в суде.

2.2. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием на государственном и

орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі, нысандары, банктерде есептесу және басқа да есепшоттары және өзге де оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті деректемелері болады. Қоғам жалғыз акционердің шешімімен бекітіліп және белгіленген тәртіпте тіркелетін өз тауарлық белгіге және рәміздерге, үлгілерге ие бола алады.

2.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексті, «Акционерлік қоғамы туралы» Қазақстан Республикасы Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттары мен осы жарғысын басшылыққа алады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқықты.

2.5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртібі бойынша оның орналасқан жерінен тысқары орналасқан жерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде Қоғамның атынан және қоғамның тапсыруы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілеттіктер) құруға құқылы.

2.6. Қоғамның меншік түрі - жеке.

2.7. Қоғам өз дүние-мүлкін қызметінің мақсатына сәйкес иеленеді, пайдаланады және жұмсайды. Қоғам оқшау дүние-мүлікке, дербес баланста ие және толық дербестік негізінде әрекет етеді.

3. Қоғамның және акционердің жауапкершілігі

3.1. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік атқарады.

3.2. Қоғам өз акционерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқармайды. Акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құны шегінде қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

3.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

русском языке, расчетный и другие счета в банках и иные реквизиты необходимые для осуществления его деятельности. Общество может иметь свой товарный знак и символику, образцы, которые утверждаются Решением единственного акционера Общества и регистрируются в установленном порядке.

2.3. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее - Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом и внутренними документами Общества.

2.4. Общество вправе в порядке установленном законодательством Республики Казахстан участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

2.5. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению общества на основании Положения о них.

2.6. Форма собственности Общества – частная.

2.7. Общество осуществляет владение, пользование и распоряжение своим имуществом в соответствии с целями своей деятельности. Общество обладает обособленным имуществом, имеет самостоятельный баланс и действует на основе полной самостоятельности.

3. Ответственность Общества и акционера

3.1. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

3.2. Общество не несет ответственность по обязательствам своего акционера. Акционер не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

3.3. Общество не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по его

сол сияқты оның міндеттемелері бойынша мемлекет жауап бермейді.

4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

4.1. Негізгі қызмет түрлері мыналар болып табылады:

- 1) құрылысқа арналған жобалау жұмыстарының өндірісі;
- 2) құрылыс металл құрылымдарын, өнеркәсіптік және азаматтық арнаулы ғимараттарды (мачталар, мұнаралар, көпірлер, градирнялар, галереялар) қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды, темір жол вагон-цистерналарын, су резервуарларын, химреагенттерді, мұнай және өнімдерге арналған қандай да болса сыйымдылықтарды жасап шығару;
- 3) бөлінген-модульдік өнімдерді мен технологиялық жабдықтарды өндіру;
- 4) аспаптар мен жабдықтар, жабдыктандыру, металл қалыптарын, құрылысқа арналған метиздер жасау;
- 5) құрылыс материалдарды, бұйымдар мен құрылымдарды жасау, оттек өндірісі;
- 6) дайындау, ұқсату және екінші шикізатты, өндірістің қалдықтарды өткізу;
- 7) құрылыс-жинақтау жұмыстарын өндіру;
- 8) қысыммен жұмыс істейтін сосудтар мен резервуарларды, өнеркәсіптік және азаматтық ғимараттардың қайта құрылымдауы мен кәсіпорындардың жөнге келтіру, тексеру және күрделі жөндеу;
- 9) нысандардың «кілтіне дейінгі» кешенді құрылысы;
- 10) сыртқы экономикалық, сауда және инвестициялық әрекет;
- 11) ғылыми-техникалық әрекет;
- 12) кадрларды дайындау және қайта дайындықтан өткізу;
- 13) халық тұтынатын тауарлар шығару және халыққа қызмет көрсету;
- 14) жай үйлерді және көлікті жалға беру;
- 15) тұрғындарға және ұйымдарға көлік қызметін ұсыну;
- 16) басқа да өндірістік қызмет.

Қоғам сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын әрекеттің басқа да түрлерін жүргізе алады.

5. Қоғам акционерінің құқықтары

обязательствам.

4. Основные виды деятельности Общества

4.1. Основными видами деятельности являются:

- 1) производство проектных работ для строительства;
- 2) изготовление строительных металлоконструкций промышленных и гражданских зданий, спецсооружений (мачт, башен, мостов, градирен, галерей), сосудов, работающих под давлением, железнодорожных вагон-цистерн, резервуаров для воды, химреагентов, нефти и нефтепродуктов любой емкости и др.;
- 3) изготовление блочно-модульных изделий и технологического оборудования;
- 4) изготовление инструмента и оборудования, оснастки, металлоформ, метизы для строительных конструкций;
- 5) изготовление строительных материалов, изделий и конструкций, производство кислорода;
- 6) заготовка, переработка и реализация вторичного сырья, отходов производства;
- 7) производство строительно-монтажных работ;
- 8) реконструкция, обследование и капитальный ремонт промышленных и гражданских зданий и сооружений, резервуаров и сосудов, работающих под давлением;
- 9) комплексное строительство объектов «под ключ»;
- 10) внешнеэкономическая, торговая и инвестиционная деятельность;
- 11) научно-техническая деятельность;
- 12) подготовка и переподготовка кадров;
- 13) выпуск товаров народного потребления и оказание услуг населению;
- 14) аренда помещений и транспортных средств;
- 15) предоставление транспортных услуг населению и организациям;
- 16) прочая производственная деятельность.

Общество также может осуществлять любые другие виды деятельности, не запрещенные законодательством Республики Казахстан.

5. Права акционера Общества

5.1. Қоғам акционері құқылы:

1) заңда және (немесе) қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивиденттер алуға;

3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) қоғам тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінде сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

7) Қоғамның дауыс беретін жай акциясының бес және оданда астам пайызына өз бетімен немесе басқа да акционерлермен қоса ие болса, дербес сот органдарын Заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға шығындарын өтеуге талап етуге және Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға және (немесе) олардың аффилиирілінген тұлғаларына қабылданған шешімдердің нәтижесімен мүдделік білдірген ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасасуда (жасасу ұсынымдары) арқылы алынған түсімдерді (табыстарды) қайтаруға;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келін түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталағын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

5.2. Ірі акционердің, сондай-ақ құқылы:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-

5.1. Акционер Общества имеет право:

1) участвовать в управлении обществом в порядке, предусмотренном настоящим Законом и (или) уставом общества;

2) получать дивиденды;

3) получать информацию о деятельности Общества, в том числе знакомиться с финансовой отчетностью Общества, в порядке, определенном общим собранием акционеров или уставом Общества;

4) получать выписки от регистратора Общества или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги;

5) избрать кандидатуры для избрания в Совет директоров Общества;

6) оспаривать в судебном порядке принятые органами Общества решения;

7) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций общества обращаться в судебные органы от своего имени в случаях, предусмотренных Законом, с требованием о возмещении Обществу должностными лицами Общества убытков, причиненных Обществу, и возврате Обществу должностными лицами Общества и (или) их аффилированными лицами прибыли (дохода), полученной ими в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность;

8) обращаться в Общество с письменными запросами о его деятельности и получать мотивированные ответы в течение тридцати дней с даты поступления запроса в Общество;

9) на часть имущества при ликвидации Общества;

10) преимущественной покупки акций или других ценных бумаг Общества, конвертируемых в его акции, в порядке, установленном Законом, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами.

5.2. Крупный акционер также имеет право:

1) требовать созыва внеочередного общего собрания акционеров или обращаться в суд с иском о его созыве в случае отказа совета директоров в созыве общего собрания акционеров;

арызбен сотқа жүгінуге;

2) директорлар кеңесіне осы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар. Акционерлердің құқықтары мен міндеттерінің тізбесі Заңда белгіленеді.

5.3. Артықшылық акциялары бар жекеменшік акционерлер жай акция ұстаушыларының жекеменшік акционерлерінен Қоғаммен белгіленген алдын-ала анықталған кепілдік мөлшерде дивиденд алуға және Қоғамның жабылуында оның мүлгінің бөлігіне Заңмен белгіленген тәртіпте ие болуға айрықша құқығы бар.

6. Қоғамның мүлкі

6.1. Қоғамның мүлгі:

1) акционердің қоғам акцияларын төлеуге берген мүлкінің;

2) оның қызметінің нәтижесінде алынған кірістердің;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлктің есебінен қалыптастырылады.

7. Акциялар, облигациялар. Бағалы қағаздарды орналастыру шарттары

7.1. Қоғам жай немесе артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы.

7.2. Акцияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі акцияларды шығаруға аңдатпасыда белгіленеді.

7.3. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

7.4. Қоғам қосымша қаражат тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы. Облигацияларды шығаруға, орналастыруға, айналысқа жіберу, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигацияларды шығару аңдатпасыда айқындалады.

2) предлагать совету директоров включение дополнительных вопросов в повестку дня общего собрания акционеров в соответствии с настоящим Законом;

3) требовать созыва заседания совета директоров;

4) требовать проведения аудиторской организацией аудита общества за свой счет. Перечень прав и обязанностей акционеров устанавливается Законом.

5.3. Акционеры-собственники привилегированных акций имеют преимущественное право перед акционерами-собственниками простых акций на получение дивидендов в заранее определенном гарантированном размере, установленном уставом Общества, и на часть имущества при ликвидации Общества в порядке, установленном Законом.

6. Имущество Общества

6.1. Имущество Общества формируется за счет:

1) имущества, переданного акционером в оплату акций Общества;

2) доходов, полученных в результате его деятельности;

3) иного имущества, приобретаемого по основаниям, не запрещенным законодательством Республики Казахстан.

7. Акции, облигации. Условия размещения ценных бумаг

7.1. Общество вправе выпускать простые акции либо простые и привилегированные акции.

7.2. Условия и порядок выпуска, размещения, обращения акций, а также выплаты дивидендов по простым акциям устанавливаются проспектом выпуска акций.

7.3. Общество вправе выпускать конвертируемые ценные бумаги.

7.4. Для привлечения дополнительных средств Общество вправе выпускать облигации в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Условия и порядок выпуска, размещения, обращения облигаций, выплаты вознаграждения по ним, погашения облигаций и использования средств от их реализации определяются законодательством Республики Казахстан и проспектом выпуска облигаций.

7.5. Простая акция представляет акционеру право на участие в общем собрании

7.5. Жай акция акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртібі бойынша Қоғам таратылған жағдайда, қоғамның мүлігінің бөлігіне, қоғамның таза түсімінің барында дивиденд алуға және акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруде шығарылатын барлық мәселелерді шешуге сайлауға қатысуға құқық береді.

7.6. Қоғамның артықшылықты акциялары оның иесіне мыналарға құқы береді: жай акция ұстаушыларының жекеменшік акционерлерінен акциялар аңдатпасыда көрсетілген мөлшерінде дивиденд алуға;

Қоғамның жабылуында Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіпте оның мүлігінің бөлігіне ие болуға.

7.7. Артықшылықты акция акционерге қоғаммен басқаруға қатысуына құқы бермейді, келесі жағдайларды қоспағанда:

1) қоғамның акционерлерлер жалпы жиналысы артықшылықты акциясы бар акционердің құқығын шектеу туралы шешім шығару мәселесін қарастыруы мүмкін. Егер, орнатырылған артықшылықты акциялардың (сатып алынғандарды қоспағанда) жалпы санының үштен екі кем емес шектеуге дауыс берген жағдайда ғана бұл мәселе туралы шешім қабылданды деп есептеледі;

2) қоғамның акционерлер жалпы жиналысы Қоғамның жабылуы немесе қайта құрылуы туралы мәселені қарастырады;

3) артықшылықты акцияға дивиденд үш ай аралығы бойы оның белгіленген төлеу мерзімінің өтуінен толық көлемде төленбеген жағдайда.

8. Таза кірісті бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

8.1. Қоғамның таза кірісі (салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) қоғамның басқаруында қалады және жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі қоғамды дамытуға немесе жалғыз акционердің шешімінде көзделген өзге де максаттарға жіберіледі.

8.2. Қоғамның жай акциялары

акционер с правом голоса при решении всех вопросов, выносимых на голосование, право на получение дивидендов при наличии у общества чистого дохода на основании соответствующего решения общего собрания акционеров, а также части имущества общества при его ликвидации в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

7.6. Привилегированная акция общества дает ее владельцу право на:

преимущественное право перед акционерами, держателями простых акций, на получение дивидендов в размере определенном в проспекте акций;

на часть имущества при ликвидации Общества в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

7.7. Привилегированная акция не предоставляет акционеру право на участие в управлении обществом, за исключением следующих случаев:

1) общее собрание акционеров общества рассматривает вопрос, решение по которому может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями. Решение по такому вопросу считается принятым только при условии, что за ограничения проголосовали не менее чем две трети общего количества размещенных (за вычетом выкупленных) привилегированных акций;

2) общее собрание акционеров общества рассматривает вопрос о реорганизации либо ликвидации Общества;

3) дивиденд по привилегированной акции не выплачен в полном размере в течение трех месяцев со дня истечения срока, установленного для его выплаты.

8. Порядок распределения чистого дохода. Дивиденды по акциям

8.1. Чистый доход Общества (после уплаты налогов и других обязательных платежей в бюджет) остается в распоряжении Общества и распределяется в порядке, определенном решением единственного акционера, в том числе на выплату дивидендов. Оставшаяся часть направляется на развитие Общества или иные цели, предусмотренные решением единственного акционера.

8.2. Выплата дивидендов по простым акциям Общества производится по итогам

бойынша дивидендтер жалғыз акционердің шешімімен жыл қорытындысымен төленеді. Қоғамның артықшылықты акцияларына дивиденд төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді.

8.3. Жалғыз акционер жыл қорытындысымен жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің мақсатқа сай еместігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

8.4. Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ, егер сот немесе жалғыз акционер оны тарату шешім шығарса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді. Қоғамның артықшылықты акцияларына дивиденд төлеу дүркінділігі – бір жылда бір рет жалғыз акционердің шешімі қабылдағанан кейін 3 (үш) ай аралығында.

8.5. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төленбейді:

1) меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе егер, қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе, не көрсетілген белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

8.6. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу/төлемей туралы шешім жарғының 15.1 тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн аралығында жариялануға тиіс.

9. Қоғамның органдары

9.1. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган – жалғыз акционер - **Койлыбаев Кайрат Алибиевич, ЖСН 630405301000, 05.04.1963** тұған жылы, Ақтөбе облысында туған, жеке кәсіпкер № **033772879** ҚР ИМ **27.09.2012** жылы берілген, мекен-жайы: Ақтөбе қ., Т.Алдиярова көшесі, № 2А үйі, №4 пәтер;

2) басқару органы – директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – атқарушы

года по решению единственного акционера. Выплата дивидендов по привилегированным акциям Общества не требует решения органа Общества.

8.3. Единственный акционер вправе принять решение о нецелесообразности выплаты дивидендов по простым акциям по итогам года.

8.4. Дивиденды не начисляются и не выплачиваются по акциям, которые не были размещены или были выкуплены самим Обществом, а также, если судом или единственным акционером принято решение об его ликвидации. Периодичность выплаты дивидендов по привилегированным акциям - один раз в год в течение 3 (трех) месяцев после принятия решения единственного акционера.

8.5. Не допускается начисление дивидендов по простым и привилегированным акциям Общества:

1) при отрицательном размере собственного капитала или если размер собственного капитала Общества станет отрицательным в результате начисления дивидендов по его акциям;

2) если Общество отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан о банкротстве, либо указанные признаки появятся у Общества в результате начисления дивидендов по его акциям.

8.6. Решение о выплате/невыплате дивидендов по простым акциям Общества публикуется в течение 10 (десять) рабочих дней со дня принятия решения в средствах массовой информации в соответствии с пунктом 15.1. устава.

9. Органы Общества

9.1. Органами Общества являются:

1) высший орган – единственный акционер – **Койлыбаев Кайрат Алибиевич, ИИН 630405301000, 05.04.1963** года рождения, уроженец Актюбинской области, удостоверение личности № **033772879**, выдан МВД РК **27.09.2012** года, проживающий по адресу: г.Ақтөбе, ул. Т.Алдиярова, д.2 «А», кв.4.

2) орган управления - совет директоров;

3) исполнительный орган – Генеральный

органның қызметін жеке дара атқаратын тұлға – бас директор;

4) қоғамда қоғамның қаржылық-шаруашылық әрекетіне бақылау жүргізетін орган – ішкі аудит қызметі ұйымдастырылуы мүмкін.

10. Жалғыз акционер

10.1. Жалғыз акционердің шешімінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатқызылады:

- 1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жана редакциямен бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ ол қабылданған жағдайда оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін айқындау;
- 6) қоғамның жай акцияларына айналатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акцияның басқа түріне айырбастау, осындай айырбастаудың шарты мен тәртібін анықтау туралы шешім қабылдау;
- 8) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) директорлар кеңесінің сандық құрамына, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 12) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есептелгенде дивидендтің мөлшерін бекіту;

директор - лицо, единолично осуществляющее функции исполнительного органа;

4) может быть образован орган, осуществляющий контроль за финансово-хозяйственной деятельностью общества, - служба внутреннего аудита.

10. Единственный акционер

10.1. К исключительной компетенции единственного акционера относятся следующие вопросы:

- 1) внесение изменений и дополнений в устав Общества или утверждение его в новой редакции;
- 2) утверждение кодекса корпоративного управления, а также изменений и дополнений в него в случае его принятия;
- 3) добровольная реорганизация или ликвидация Общества;
- 4) принятие решения об увеличении количества объявленных акций Общества или изменении вида размещенных объявленных акций Общества;
- 5) определение условий и порядка конвертирования ценных бумаг Общества, а также их изменение;
- 6) принятие решения о выпуске ценных бумаг, конвертируемых в простые акции Общества;
- 7) принятие решения об обмене размещенных акций одного вида на акции другого вида, определение условий и порядка такого обмена;
- 8) определение количественного состава и срока полномочий счетной комиссии, избрание ее членов и досрочное прекращение их полномочий;
- 9) определение количественного состава, срока полномочий совета директоров, избрание его членов и досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений и компенсации расходов членам совета директоров за исполнение ими своих обязанностей;
- 10) определение аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества;
- 11) утверждение годовой финансовой отчетности;
- 12) утверждение порядка распределения чистого дохода Общества за отчетный финансовый год, принятие решения о выплате дивидендов по простым акциям и утверждение размера дивиденда в расчете на одну простую акцию Общества;

- 13) Қоғамның жай акциялары және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім Заңның 22 бабы, 5 тармағында ескерілген жағдайда ғана қабылдау;
- 14) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтығында 25 (жиырма бес) және одан астам пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қатысушылардың (акционерлердің) құрамынан өзге де заңды тұлғалардың шығуы туралы немесе өзге де заңды тұлғаларды құруға олардың қызметіне қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 16) қоғамның акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлау нысанын айқындау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 17) қоғам акцияларды Заңға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер әдістеме құрылтай жиналысында бекітілмеген болса, оны бекіту) өзгерістерді бекіту;
- 18) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) алтын акцияны енгізу және оны жою;
- 20) атқару органның қызметін жеке-дара атқаратын тұлғаны – бас директорды сайлау және оның өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату;
- 21) директорлар кеңесі мүшелерінің қызмет нәтижесін бағалау;
- 22) шешім қабылдау Заңмен және (немесе) қоғам жарғысымен жалғыз акционердің шешімінің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Жарғының 10.1 тармағының 1)-7), 17) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көшілігімен қабылданады.

Егер Заңда өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай

- 13) принятие решения о невыплате дивидендов по простым и привилегированным акциям Общества при наступлении случаев, предусмотренных пунктом 5 статьи 22 Закона;
- 14) принятие решения о добровольном делистинге акций Общества;
- 15) принятие решения об участии общества в создании или деятельности иных юридических лиц либо выходе из состава участников (акционеров) иных юридических лиц путем передачи (получения) части или нескольких частей активов, в сумме составляющих 25 (двадцать пять) и более процентов от всех принадлежащих обществу активов;
- 16) определение формы извещения Обществом акционеров о созыве общего собрания акционеров и принятие решения о размещении такой информации в средствах массовой информации;
- 17) утверждение изменений в методику (утверждение методики, если она не была утверждена учредительным собранием) определения стоимости акций при их выкупе обществом на неорганизованном рынке в соответствии с Законом;
- 18) утверждение повестки дня общего собрания акционеров;
- 19) введение и аннулирование золотой акции;
- 20) избрание Генерального директора - лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа, а также досрочное прекращение его полномочий;
- 21) оценка результатов деятельности членов совета директоров;
- 22) иные вопросы, принятие решений по которым отнесено Законом и (или) уставом Общества к исключительной компетенции единственного акционера.

Решения общего собрания акционеров по вопросам, указанным в подпунктах 1) -7), 17) пункта 10.1. принимаются квалифицированным большинством от общего числа голосующих акций Общества.

Решения общего собрания акционеров по иным вопросам принимаются простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества, участвующих в голосовании, если Законом не установлено иное.

көпшілік дауысымен қабылданады.

10.2. Жалғыз акционермен жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады. Жалғыз акционермен кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде таратылу процесіндегі қоғамның жалғыз акционермен кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде жалғыз акционермен кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

Жалғыз акционермен жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаның түрі жарғының 15.1. тармағына сәйкес бұқаралық ақпаратта берілуі болып табылады.

10.3. Жалғыз акционермен жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:

- 1) атқарушы орган;
- 2) өзімен жасалған шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;
- 3) директорлар кеңесі;
- 4) қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда, жалғыз акционерлермен жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығыстарды қоғам көтереді.

10.4. Қоғамның органдары жалғыз акционермен жылдық жалпы жиналысын шақырудың Занда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, жалғыз акционермен жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

10.5. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары акционерлерге акционерлерді жалпы

10.2. Годовое общее собрание с единственным акционером созывается советом директоров. Внеочередное общее собрание с единственным акционером созывается по инициативе:

- 1) совета директоров;
- 2) крупного акционера.

Внеочередное общее собрание с единственным акционером Общества, находящегося в процессе добровольной ликвидации, может быть создано, подготовлено и проведено ликвидационной комиссией Общества.

Законодательными актами Республики Казахстан могут быть предусмотрены случаи обязательного созыва внеочередного общего собрания с единственным акционером.

Формой извещения о проведении собрания с единственным акционером является сообщение в средствах массовой информации в соответствии с пунктом 15.1. устава.

10.3. Подготовка и проведение общего собрания с единственным акционером осуществляются:

- 1) исполнительным органом;
- 2) регистратором Общества в соответствии с заключенным с ним договором;
- 3) советом директоров;
- 4) ликвидационной комиссией Общества.

Расходы по созыву, подготовке и проведению общего собрания с единственным акционером несет Общество, за исключением случаев, установленных Законом.

10.4. Годовое общее собрание с единственным акционером может быть создано и проведено на основании решения суда, принятого по иску любого заинтересованного лица, в случае нарушения органами Общества порядка созыва годового собрания общего собрания акционеров, установленного Законом.

10.5. Итоги принятого голосования по вопросам повестки дня общего собрания с единственным акционером публикуются в течение 15 (пятнадцать) календарных дней

жиналыс жабылғаннан кейін жаргының 15.1 тармағына сай 15 (он бес) күн ішінде оларды бұқаралы ақпарат құралдарына хабарлайды.

11. Директорлар кеңесі

11.1. Заңмен және осы Жарғымен жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды қоғамның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

11.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басымды стратегиялы бағыттары мен Қоғамның даму стратегиясын бекіту;
- 2) Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;
- 3) жалғыз акционермен жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 4) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 6) қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 7) жалғыз акционердің қоғамның өткен қаржы жылға таза түсімін бөлу тәртібі мен дивиденд мөлшері туралы ұсыныс беру;
- 8) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару және оларды шығару туралы шарттарын айқындау;
- 9) лауазымдық жалақылардың мөлшерін және атқарушы органның басшысының және мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы төлеу шарттарын айқындау;
- 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау,

после закрытия собрания в средствах массовой информации в соответствии с пунктом 15.1. устава.

11. Совет директоров

11.1. Общее руководство

